**Кіріспе.** Мәтін кеңістігіндегі бейнелеу субъектілерін қарастырғанда актанттық құрылымды зерттеудің мәні зор.

Бейнелеу субъектісі ретіндегі кейіпкерлер жүйесі – мәтін құрылымының маңызды қабаттарының бірі. Бізге барынша таныс, кеңінен қолданысқа ие болған кейіпкер ұғымы теориялық еңбектерде түрлі терминдік атаулармен белгіленгенін көруге болады. Солардың ішінде актант ұғымы мәтін құрылымын сипаттайтын жалпылама атауға ие болғанын байқаймыз.

Көрнекті француз лингвист ғалымы Люсьен Теньер «Құрылымдық синтаксис негіздері» еңбегінде етістік торабы өз табиғатында шағын драманы бейнелейтінін, ал қандай да бір драмада міндетті түрде әрекет, сондай-ақ әрекет етуші адам және жағдай болатынын атап көрсетеді. «Егер драмалық қалыптан құрылымдық синтаксиске өтсек, онда әрекет, актерлер мен жағдаят етістікпен, актантпен, сиркостант-

пен сәйкес келеді», – дей келе актант ұғымын «процеске кез келген дәрежеде, тіпті қарапайым статист ретінде және барынша салғырттықты есептемегенде, түрлі тәсілмен қатысатын тіршілік иесі немесе тірі зат», – деп анықтап көрсетеді (Теньер, 1988: 117).

Теньер актантқа қатысты олар әрдайым заттар немесе олардың эквиваленті деп, бұл ұғымның аясында субъект мен предикатты кіргізеді. Бейнелеу табиғатында субъект – оқиғаның қозғаушы күші, баяндаушы, әрекет етуші, әңгімелеуші сипаттарын иемденетіні белгілі.

«Л. Теньерде айтылған актант ұғымы қазіргі түсінікте валенттік (немесе предикаттық) сөздер деп қарастырудан туындайды, яғни олар белгілі бір рөлдерді орындайтын белгілі саны бар міндетті қатысушылардың жағдаятты білдіретін сөздері», – дейді зертеуші И.М. Богуславский (Богуславский, 1996: 33).

Актант терминінің филология ғылымына келуін Альгирдас Жюльен Греймас есімімен де байланыстырушылар бар. Л.Тенер мен А. Греймастың актант туралы айтқан уақыттары қарайлас, XX ғасырдың 60-шы жылдары. А. Греймас орыс формализмінің қағидаларын француз структурализмімен ұштастыра отырып, соның негізінде мәтіннің актанттық схемасын, яғни кез келген мәтін негізінде жатқан әмбебап нарративті құрылымды анықтайды.

Актанттың жалпы анықтамасына тағы бір көз салсақ, ол: «Актант (французша *actant* – «әрекет етуші») қатысушының, қоғам мүшесінің, белгілі бір қауымдастық шеңберіне жататын адамның жалпы қабылданған атауы. Әдебиеттанудағы және фольклортануда – әдеби немесе фольклорлық шығармаларда субъект ретінде бейнеленетін кейіпкер, әрекет, сюжетті өрістететін оқиғаның қозғаушысы» (Актант, 2002: 211).

Көркем мәтін аспектісінде қарастырғанда актантты баяндаушы тұлғаның кешенді қызметі деп түсінеміз. Актанттар өздерін белгілі бір кейіпте таныта отырып, бір-бірімен байланыс жасау және белгіленген аядағы бір міндетті орындау арқылы тұтас мәтіннің ішінде тіршілік етеді және әрекет жасайды. Осылайша көркем мәтінге қатысты авторлық интенция актанттық құрылымда көрініс табады. Қалыптасқан түсініктегі кейіпкер ұғымын «актант» терминімен таңбалау ары қарай тұтастай мәтін құрылымындағы субъективтілікті «актанттық құрылым» түрінде қарастыруға жалғасуы заңдылық.

Мәтіннің актанттық құрылымын айқындайтын кейіпкер оқиғалар қатарын жылжыту, қақтығысқа қарқындылық беру тұрғысынан басты мәнге ие. Сондықтан актанттық қызметті субъект пен объект, адресант пен адресат, көмекші мен қарсылас ұғымдарының аясына жинақтай отырып, оның көркем мәтіндегі қызметін жүйелей таныту қазіргі әдебиеттанудың маңызды аспектілерінің бірі.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу материалы ретінде көркем мәтіндегі субъект аспектісін зерделеген еңбектердегі ой-тұжырымдар басшылыққа алынып, нақты мысалдарға проза және поэзия үлгілерінен үзінділер келтірілді. Мәтіннің актанттық құрылымы талдау-жинақтау, индукция-дедукция әдістері негізінде қарастырылды. Актанттық құрылымның теориялық мәнін түсіндіру мақсатында структуралистік әдіске басымдық беріліп, талдау барысында салыстырмалы әдіс қағидалары пайдаланылды.

**Зерттеу нәтижесі.** Көркем мәтіннің актанттық құрылымы ретінде кейіпкерлер категориясы анықталады. Кейіпкерлер шығарма оқиғасындағы орнына байланысты актанттық модельдер жүйесін танытады. Мақалада қарастырылатын актанттық құрылым туралы теориялық тұжырымдар көркем туынды табиғатын структуралық бағыт ұстанымдары арқылы жүзеге асырылды. Ұсынылып отырған актант категориялары қаһарман, кейіпкер, протагонист, антагонист кейіпкерлердің болмысын терең таныту бағытында жаңа ізденістерге жол ашып, бағыт сілтейді.

**Талқылау.** Актанттық құрылымның басты нысанасы көркем мәтіндегі субъект яғни кейіпкер дедік. Қарапайым анықтамасында кейіпкер дегеніміз шығармада әрекет етуші, сонымен қатар, оқиғаға тікелей қатысушы немесе эпизодтарда жай ғана көрінетін адам екенін білеміз.

Кейіпкер мәтін құрылымындағы маңызды динамикалық тетіктің бірі, өйткені ол оқиғаның немесе басқа да маңызды қызметтердің орындалуына өз ықпалын тигізеді. Кейіпкерге тән тек іс-қимыл ғана емес, ол ойланады, сөйлейді, өзге кейіпкер туралы өз ұстанымын танытады. Сондай-ақ ол өзіне сыни тұрғыда қарап, өзге кейіпкерді талқыға сала алады. Екі кейіпкер басқа бір кейіпкер туралы ой-пікір айта алады. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы басты тұлғаның бірі Құнанбай туралы өзге кейіпкерлер (Қаратай, Бөжей, Сүйіндік, т.б.) арасындағы әңгіме, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі баяншы мен әңгімешінің арасындағы Шұға туралы естелік, т.б.

Кейіпкерлер іс-әрекеті, арман-мақсаттары арқылы көркем кеңістіктің болмысын ашатын, бір-біріне өзара байланысты бола тұрып, өзіндік ерекшеліктерін танытатын, туынды мазмұнын тереңдететін, тартысты ширықтыратын белсенді бөлігі. Мәтін құрылымындағы субъективтіліктің басты тетігінде тұрғандықтан оның әрекеті, іс-қимылы, ұстанымы авторлық субъектіден бастау алады. Сондықтан кейіпкер мен автор арасындағы терең байланыс «мәтін субъектісі» деген ұғым аясында бірігуі заңдылық.

Көркем туындыда субъект әрекетінің бірнеше түрі бар. Олар баяншы, әңгімеші, лирикалық қаһарман және адамды жан-жақты әрі толық таныту мүмкіндігі бар кейіпкер (персонаж). Көне римдіктер «persona» сөзімен актер киетін бетпердені ата-са, кейіннен бұл сөз көркем туындыда бет-бейнені кескіндеу ретінде түсіндірілген. «Кейіпкер» атауымен «әдеби қаһарман», «әрекет етуші адам» сөз тіркестері мәндес келеді. Алайда, бұл сөз тіркестерінің қосымша мағынасы бар: «қаһарман» сөзі туындыда бейнеленген адамның ерекшелігін, өзгеше болмысын, позитивті рөлін айқындайды; ал, «әрекет етуші адам» тіркесі жалпылай алғанда кейіпкердің өзін іс-әрекеттер арқылы танытуын білдіреді.

Кейіпкер – бұл жазушының таза қиялының жемісі болуы да мүмкін. Мәселен, Дж. Свифттегі Гулливер мен лилипуттар, Н.В. Гогольдегі мұрнынан айырылған майор Ковалев; немесе нақты адамның болмысын көркем беру нәтижесі, мысалы: тарихи тұлғалар, жазушыға жақын өмірбаяндық адамдар, тіпті жазушының өзі болуы да мүмкін; болмаса, әйгілі әдеби кейіпкерлерді, мысалы, Мюнхгаузен, Фауст, т.б. бейнелеу нәтижесі.

Кейіпкердің болмысы екі жақты сипатымен танылады. Біріншіден, кейіпкер – суреттелетін оқиғаның субъектісі, сюжетті түзетін оқиғалардың тетігіндегі қозғаушы

күш. Дәл осы қырымен ол В.Я. Пропптың 1928 жылы жарық көріп, ғылыми ортада барынша белгілі болған «Ертегі құрылымы» («Морфология сказки») атты еңбегінің кейіпкерлік өрісіне енген. Ғалым ертегі қаһармандарын сюжет құрылымындағы нақты бір қызметтің тасымалдаушысы ретінде атай отырып, ертегіде суреттелген адам бәрінен бұрын оқиғалар қатарын қозғалысқа түсіретін фактор екенін тұжырымдайды (Пропп, 1969:29). Пропптың ізімен А. Греймас қарым-қатынастың бинарлық оппозиция тұрғысында туындайтын актанттық модельдің алты түрі туралы ойын дамытқан болатын. Бұл модельдер өз типологиясында кейіпкерлердің не істейтініне, қандай әктілерді (дәл осы қызметімен «актант» деп аталады) жүзеге асыратынына байланысты туындайды.

Екіншіден, кейіпкердің туынды құрылымындағы дербестігі, сюжетке (оқиғалар тізбегіне) тәуелсіздігі маңызды: ол тұрақты әрі тиянақты (кейде өзгерістерге ұшыраса да) түрде түрлі қасиеттердің тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді. Кейіпкерлер ең әуелі өздерінің істеген әрекеттері, сондай-ақ мінез-құлқы мен қарым-қатынасы, сырт пішіні мен араласатын ортасы, ойы мен сезімі, ниеті арқылы сипатталады. Міне, әдеби туындыдағы адамның осы әрекеттері М.Бахтин «тұлғаның ядросы» (Бахтин, 1979: 409), А.А.Ухтомский «адам интуициясы бастауын айқындайтын доминанты» (Ухтомский, 2002: 66) деп атап-түстеген шынайы болмысын айқындайды.

«Актант – баяндаудағы рөл, ал актер – осы рөлді сомдаушы. Актанттар жұп түрінде келеді және үш семантикалық ось бойынша таралады. Олар: байланыс, тілек (іздеу) және сынақ. Бірінші ось актанттары – субъект//объект; екінші ось актанттары – жіберуші//алушы; үшінші ось актанттары: көмекші//қарсылас (қаскөй)», – дейді Е. Трубина (Трубина, 2022: 42). Бұл анықтаманы ол А.Греймастың тұжырымдарына сүйене отырып ұсынады.

А. Греймас: «Актанттардың барлық мүмкіндіктері жиынтығын синкретизм арқылы түсіндіре отырып, біз оларды ең әуелі екі түрлі категорияға бөлуге ниеттіміз, олар: субъект және объект, адресант және адресат» (Греймас, 2004: 187), – деп, мысал ретінде діни аңыздардағы Адам ата – Хауа ана (Ева) оқиғасын келтіреді. Бұл ғалымның талдауындағы мәтіннің актанттық құрылымы төмендегідей: Хауа (Ева) – субъект. Ол сонымен қатар Хауаның екі қарым-қатынастың бастапқы нүктесіне тән екенін атап көрсетеді. Бірінші қарым-қатынас – Хауа мен алманың арасында, екінші байланыс – Хауа мен Адамның арасында өрбиді. «Хауа алманы Адамға берді» деген ақпаратқа назар аударсақ, Хауаның алмаға қатысы екі жақты: ол оны алады және береді. Бұл екі байланыста Хауа бір мезгілде әрі актант-субъект, әрі актант-адресант ретінде көрінеді. Алу-беру әктісін жүзеге асырған Хауа осылайша әлемдік тұрақты сюжеттің бірегейі санатындағы адамзаттық жобадағы өмірдің басталуына түрткі болады.

Зерттеу еңбегінде актантты екі жұп түрінде ұсынған Греймас оған тағы да бір жұп құрайтын екі актант түрін үстемелейді. Олар көмекші//қарсылас ретінде актанттық құрылымды толықтырады. Греймас бұл актанттарды сирконстант түрінде беріп, «көмекші құралдар», «қарсылас» деп атайды (Греймас, 2004: 225). Осы екі жұп ұғым лингвистер мен әдебиеттанушылар еңбектерінде дамыта қарастырылып, «көмекші//қарсылас» сипатын иеленген актант кейіпкерлер болып айқындалады. Ол туралы біз жоғарыда айтып өттік.

Актант категориялары осьтерінің сипаттамасына келсек, зерттеулердегі тұжырымдарға сәйкес оларды төмендегідей сипатта көрсетеміз:

– субъект – объект осі іс-әрекеттің траекториясын және қаһарманды // протагонисті іздеуді білдіреді. Ол алға жылжу үшін кедергілерді жеңуі керек;

– адресант – адресат (жіберуші//қабылдаушы) осі құндылықтарды бақылайды, олардың құрылымын анықтайды және тілек-мақсаттарының кейіпкерлер арасында бөлінуін талқылайды.

– көмекші – қарсылас осі қарым-қатынасты жеңілдетеді немесе оған кедергі келтіреді. Олар іс-әрекеттің жағдаяттары мен түрлерін туындатады, және олардың кейіпкерлер түрінде ұсынылуы міндетті емес. Көмекшілер мен қарсыластар кейде тек іс-әрекетке деген ерік-жігердің проекциясы және субъектінің өзі жорамалдайтын қарсылықтар болуы мүмкін.

Мәтін құрылымын талдағанда ондағы актанттық модель қызметінің элементтерін теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, былайша анықтауға болады:

– жолдаушы ( жіберуші, сый беруші) Греймастың схемасында ол коммуникация актісін жүзеге асырушымен теңестіріледі. Мәселен, әңгімені, хикаятты, романды дүниеге әкелуші автор;

– объект – басты субъектінің күллі мақсат-мұратын, аңсарын білдіретін баяндау қызметі;

– алушы (немесе бенефициарий) – жақсаруды, жетістікті басынан өткеруші; оқиғаның басты субъектісі қызметінің нәтижесін немесе жіберуші донордан (болмаса сый берушіден) пайда көретін кейіпкер;

– көмекші – туындыдағы бас субъектіге көмекке келетін немесе олармен одақ құратын кейіпкерлер тобы немесе кейіптендірілген күштер;

– субъект – бас қаһарманның барлық атрибуттары мен әрекеттерін біріктіріп, қалаған нысанды алуға немесе қалаған мақсатқа жетуге тырысатын мәтін функциясы немесе тұлғасы;

– қарсылас (антагонист) – туындыдағы басты субъектіге қарсы тұратын барлық кейіпкерлер немесе кейіптендірілген күштерді біріктіретін топ яки қызмет.

Осылайша, актанттық құрылымды, оны анықтайтын категорияларды сараланған қызметтердің жиынтығы ретінде анықтауға болады және олар ситуацияға байланысты әртүрлі қызметті біріктіре алады.

Көркем туындыдағы әрекет етуші тұлға ежелгі дәуірлерден бастап туындының басты нысаны болып, назарға іліккен. Антикалық кезеңде драмадағы әрекет етуші адамды протагонист деп атаса, оған қарама-қарсы әрекет ететін кейіпкер антагонист деген атауға ие болғаны белгілі.

«Протагонист – бұл (грекше: «бірінші актер») көркем, көбінесе драмалық туындының бас қаһарманы, әдетте ол анти-қаһарманға (адамгершілік қасиеті, мінез-құлқы жағынан бас қаһарманға қарсы сипаттағы кейіпкер), яғни протагонистпен күресте бәсекеге түсетін антагонистке қарсы тұлға» (Протагонист)

Көркем өнер туындысындағы басты әрекет етуші тұлға ретіндегі актант-протагонист негізінен ізгілік, жақсылық сияқты ұғымдармен сипатталса, антагонист табиғаты керісінше, оппозицияның екінші жағында тұрған жамандық, зұлымдық

сияқты ұғымдармен айқындалады. Сонда біз протагонисті мәтін құрылымынан субъект категориясы ретінде көреміз де, антагонисті қарсылас, қаскөй категориясына тән деп білеміз. Осы жерде актанттық құрылымның бинарлық-оппозициялық табиғатын айта кетуге болады.

Әу баста дара, жеке (әрі кетсе екі) кейіпкердің әрекетімен айқындалатын актанттық құрылым әдеби дамуда барынша күрделеніп, бірнеше кейіпкердің әрекет-қимылымен шиеленісе түсті. Көркем әдебиет туындыларының жалпы түзілімінде енді тұтас дәуірдің әдеби дамуын сипатайтын актанттық құрылым қалыптасты. Бұл құрылым аясында тек кейіпкерлер жүйесі емес, енді кейіпкерлік өріс (персоносфера) ұғымы пайда болды.

Әдеби даму тарихында көркем кеңістікте әрекет етуші адамдар персоносфера жүйесін, яғни кейіпкерлік өрісті құрайды. Кез келген халықтың мәдениет тарихында кейіпкерлік өріс өмір сүреді, олар қоғамдық сананың белсенді түрдегі ұғымы болып табылатыны шындық. Мысалға, біз ұлтымыздың тарихи, мәдени жадындағы Қорқыт, Мөде, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Жәнібек хан, Қасым хан, Салқам Жәңгір хан, Абылай хан, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Кетбұға, т.б. кейіпкерлерді мысал ете аламыз. Персоносфералық кеңістікте актант категорияларының субъект, көмекші, жіберуші/қабылдаушы түрлері басым.

«Персоносфера – әдеби, тарихи, фольклорлық, діни кейіпкерлер кеңістігі. Бұл жерде тек ұлттық персоносфера туралы ғана емес, белгілі бір әлеуметтік топтық, күллі адамзаттық кейіпкерлік өріс туралы айтып беруге болады», – дейді Г. Хазагеров (Хазагеров, 2002: 133).

Персоносфераны бейнелі түрде айтсақ, концепт әлемінің жанды, сана-сезімге ие, өзіндік тағдыры, өмір сүру ұстанымы бар, кескін-келбеті айқын тұрғындары деуге болады. Орыс академигі Д.Лихачевтің тілдің концептілік өрісі туралы ойларының жалғасы ретінде туындаған персоносфера қазіргі әдебиеттануда жаңа бағыттағы зерттеулерге арқау болуда.

Зерттеушілер персоносфераның концептосферадан бөлекше өзіндік екі басты белгісін атап көрсеткен болатын. Бірінші белгісі – персоносфера нысандары кескін-келбеті анықталған, даралық сипатқа ие тұлғалар. Бұл жерде сол тұлғалармен өзін салыстыра отырып, олардағы жақсы қасиеттерді үлгі ету, оларға тән іс-әрекетті өз бойына сіңіру мүмкіндігі бар. Ал, екінші ерекшелік – антономасия құбылысы, яғни белгілі бір жағдайға ерекше назар аудару.

«Антономасия, антономазия (қайта атау, жаңа ат қою) дегеніміз бір атаудың немесе есімнің орнына сол заттың немесе жанды тұлғаның өзіндік ерекшелігін немесе соған қатысы бар ұғымды бейнелейтін троп» (Антономасия) екенін ескерсек, Қорқыт есімін «ажалдан қашушы», Асан қайғы есімін «Жерұйықты іздеуші» анықтамасымен ауыстыру антономасия құбылысына жатады. Фольклор мен әдебиеттегі мәңгілік бейненің бірегейі ретінде Ескендір туралы айтқанда даңқты жеңімпаздықты, шектен тыс қиялшылдықты Дон Кихот есімімен, ерен күштілікті Алпамыс батыр, мінсіз сұлулықты Қыз Жібек атымен қатар еске түсіреміз. Бұл аталған кейіпкерлерді актант-субъект, актант-адресант, актант-адресат деп түсінеміз.

Адамзаттық мәдени-рухани жадта ұлттық шеңберден шығып, күллі әлемдік бейнеге айналған, адамзаттың мәдени қорын байытқан кейіпкерлер де өмір сүріп ке-



леді. Олардың қатарында Прометей, Геракл, Ахиллес, Тристан мен Изольда, Ләйлі мен Мәжнүн, т.б. атауға болады. Көне дүниеде даңқы кең жайылған кейіпкер туралы Гильгамеш бейнесін айтуға болады. Актанттық құрылымда Гильгамеш, Прометей, Геракл, Ахиллес сияқты қаһарман тұлғалар адамзаттық мұраттың бейнеленуінің мысалы бола алады. Жеңімпаздықты, жасампаздықты, қаһармандықты өз бойларына сіңірген бұл кейіпкерлер миф сюжеттерінен классикалық әдебиетке ауысып, өз ғұмырларын жалғастырды.

Жеке поэтика аспектісіндегі бір мәтіндегі әрекет етуші субъектіні айқындайтын актант жалпы поэтика аспектісінде тұтас мәтіндер жиынтығы шеңберінен шығып, өз алдына мәдени-көркем кеңістікті түзетін актанттық құрылымды танытады. Бұл бағытта актант-субъектілер мен актант-көмекші, актант-адресант, актант-адресат жүйесі түзіледі. Сонымен қатар аз болса да актант-қарсылас түрі кездеседі. Мысалы: Жалмауыз кемпір, Мыстан кемпір, Жеті басты дәу, т.б. Персоносфера осы жалпы поэтикадағы актанттық құрылым сипатын айқындайды.

Мәдени жадтағы кейіпкерлер жүйесі белгілі бір мәтін жүйесіндегі актанттық құрылымның семиотикалық және миметикалық қызметін де танытады. Ғылымға Аристотель енгізген еліктеу теориясын сипаттайтын «миметика (мимезис)» мен американ оқымыстысы Чарльз Сандерс Пирс ойлап тапқан таңбалар мен символдар жүйесін сипаттайтын «семиотика» актанттық құрылымның өзіндік мән-маңызын таныта түсетін ұғымдар қатарын толықтыра түседі.

Әдебиет теоретиктері көркем туындыдағы атқаратын роліне қарай кейіпкерлерді *жоғары сатыдағы* және *екінші сатыдағы* кейіпкер деп жіктейтінін білеміз. Бұл жүйелеудегі жоғары сатыдағы кейіпкер «қаһарман» мәтіннің актанттық құрылымының негізгі тінін анықтайды. Өйткені мәтіндегі оқиғалар түзілісінде қаһарман негізгі қозғаушы күш болады.

Актант-қаһарман көркем шығарманың орталық тұлғасы болып, оқиғаның даму барысында белсенділік танытып, оның шиеленісуіне, шешімін табуына себепкер болады. «Қаһарман» термині – батырлық пен адам күші жетпейтін қасиеттердің бастамасы болып табылатын коннотациялардың байланыс ұғымын өз бойында алып жүретін бас субъектіге тән. Алайда бұл термин әдебиет теориясында кеңінен көрініс тапқандықтан, оны кез келген кейіпкерге қолдана отырып, баяндау барысында орталық рөлді орындайтындарға телиді. М.Бахтин қаһарманды «негізгі оқиғаны тасымалдаушы» ретінде көрсетеді.

Мәтіндегі субъект аксиомасы – кез келген қаһарман кейіпкер бола алады, ал кез келген кейіпкер қаһарман бола алмайды.

Қаһарманның басқа кейіпкерлерден бірінші ерекшелігі: оның қатысуынсыз негізгі сюжеттік оқиғалар жүзеге аспайды. Мысалы, қиял-ғажайып ертегілер оқиғасын еске алсақ, басты әрекет етуші тұлға ғана мақсатына жете алады және өзге әлемнен, азапты сапарлардан өз әлеміне, шаңырағына тірі оралады. Қазақ ертегілеріндегі қаһармандар Ер Төстік пен Кендебай – жер асты елінен және перілер елінен өз шаңырағына аман-есен оралған актант-қаһармандар. Сондай-ақ «жекелеген» қызметі бар «сыйлық беруші», «көмекші», «жебеуші», «қаскөй» кейіпкерлер бас қаһарманның жеңісіне, басқа да әрекеттеріне тікелей себепші болады. Грек мифтерінде Ахиллес майданға кіргенге

дейін ахейлер жеңіске қол жеткізе алмайды, Мысыр мифінде Гор дүниеге келіп, Сетпен күресте жеңіске жетпейінше ізгілік салтанат құрмайды. Міне, қаһарманға тән мінез осы кейіпкерлерден көрінеді. М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясындағы Кенесары ұлттық мұратты ұстанушы болғандықтан, оның өзі мерт болса да, арман-мақсаты өзі армандағандай орындалады. Бірақ арада көп уақыт өткен соң ғана оның мұраты жүзеге асады. Сондықтан да Кенесары ісі үлгі аларлықтай. Ғ. Мүсреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесть-поэмасындағы Еркебұлан, Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы Нәзира, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының кейіпкерлері Жәнібек пен Керей, Қасым, Хақ-назар, Абылай хандар, сондай-ақ Қобыланды мен Ақжол, Баян, т.б. батырлар, Ә.Кекілбайдың «Аңыздың ақыры» романындағы Әмірші мен Кіші ханым, О.Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі Аспан шал қаһармандық сипатқа ие.

Қаһарманның екінші ерекшелігі: туындының тілдік құрылымында басымдыққа ие сөйлеу субъектісі ретінде басқа кейіпкерлерге қарсы тұрады. Бұл критерий эпистолярлық, күнделік түріндегі туындылар үшін ерекше маңызды. Мұндағы қаһармандар – хаттың немесе күнделіктің «авторлары». ХІХ-ХХ ғасырлардағы ли-рикалық поэзияда дәстүрлі субъект және лирикалық сюжетті тасымалдаушы тұлға «лирикалық қаһарман» деп аталғанымен, кейіпкерге жатпайды. Өйткені лирикалық қаһарман («мен») және лирикалық бейне деген ұғымдардың арасында айырмашылық бар. Мысалы, М. Мақатаевтың «Ат суара барғанда жылғаға мен» деп басталатын сюжетті өлеңінде лирикалық қаһарман «мен» сипатында авторлық тұлғамен сабақтастығы бар нарратор-эңгімеші қызметінде көрінеді де, оның қабылдауымен «ашаң жүзді, ай сырғасы дір-дір еткен, арқасына қос бұрымы асылған, «жолбарысша атылып» құла аттың тізгінін алған «жігіт-жүректі» лирикалық бейне сомдалады. Е. Раушановтың «Ертегінің өлуі», «Сүйдім мен Іңір деген пері қызын» өлеңдерінде лирикалық бейне ретінде көрінетін Шолпан-ару, Үркер-аға, пері қызына айналған Іңір мезгілі мәтіннің актанттық құрылымының жаңа тіндерін айшықтайды.

Көркем туындыда әрекет етуші қаһарман өзіндік бастамашылдығымен де танылады. Мысалы, Ахиллес өзін ажал күтіп тұрғанын білсе де жауынгерлік даңқтан бас тартпайды, Одиссей болса Полифемнің көзін соқыр еткен соң, өз тағдырының шырғалаңға түсетініне қарамастан «Ешкім» деген атымен қоса кулығынан бас тартуға мәжбүр болады.

Қаһарманның бастамасы үнемі белсенді күрескерлік бола беруі міндетті емес. Ол қасіретті болуы да мүмкін. Прометейдің бұғаулануы, Сизифтің азабы, Абайдың қасіреті, т.б. осыған мысал. Көркем туындыларда күрескер тұлғалардың трагедиялық бейнеге айналуы (М.Әуезов: «Абай», «Қарагөз», «Хан Кене» трагедиялары, Х.Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романындағы Хакім, Әлібек, Әділбек Жүнісовтер, М.Мағауиннің «Аласапыран» роман-диалогиясындағы Ораз-Мұхаммед, т.б.) қаһарманның күрескерлік болмысының бір қырын көрсетеді.

Актанттық құрылымда екінші сатыдағы субъектілер де шығармада маңызды орын алады, алайда, оның қаһармандардан айырмашылығы – сюжеттің даму барысында белсенді түрде көрінбейді және көп жағдайда оқиғаны дамыту үшін, өзге кейіпкерлермен салыстыру мақсатында қосымша енгізіледі.



Қаһарман бола алмайтын кейіпкер бастамасы, бір жағынан қызмет ету болса (қиял-ғажайып ертегілеріндегі, классикалық комедиялардағы және көркем прозадағы), екінші жағынан ұнамсыз сипатта болады. Ұнамсыз сипаттағы кейіпкерлерге көне мәтіндердегі Жалмауыз кемпір, Жеті басты айдаһар, Дәу, Мыстан кемпір, т.б. жа-тады. Көмекші//қарсылас формуласындағы актанттық категорияда олар қарсылас, қаскөй жағына шығады.

Бірақ, кейіпкер кей жағдайда, керісінше, жеке бастамаға құқығы жоқ, жағдайдың тұтқыны болуы да мүмкін.

Н. Фрай басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасының тәуелділік дәрежесіне қарай кейіпкерлердің *миф қаһарманы*, *аңыз-ертегілер қаһарманы*, *жоғарғы миметикалық модус және төменгі миметикалық модус*, *ирониялық модус кейіпкерлері* деген типологиясын ұсынады (Фрай, 1987: 232-233).

Актант категориясының ішінде іс-әрекетіне қарай субъект, адресант, көмекші немесе қаскөй сипаттарымен көрінетін *миф қаһармандары* өзге адамдардан өзінің сапасымен ерекшеленеді. Басқаша айтқанда, олар «ерекше жаратылысты». Олар адамзат баласы бағынған заңдылықтарға бағына бермейді. Миф қаһармандары туралы зерттеушілер олардың персонификациялық әлемін осылайша пайымдайды. Ал, аңыз, эпсана қаһармандарының болмысы олардан сәл ерекшелену. Өзінің сапалық белгісі жағынан миф қаһармандарымен үндес келетін тұстары болғанымен, адамзат баласына тән заңдылықтарға мойынсұнатын, оларды бұза алмайтын жандар.

Бас субъект ретіндегі *жоғарғы миметикалық модустың* қаһарманы басқа кейіпкерлерден ерекше, бірақ ол адам баласы болғандықтан қоршаған ортаның заңдылықтарына тәуелді. Негізі мұндай қаһарман қарапайым адам бола тұра, өзге кейіпкерлерде болмайтын аса құнды, жақсы қасиеттерге ие. Мысалы, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай, «Аласапыран» роман-диалогиясындағы Ораз-Мұхаммед, «Аңыздың ақыры» романындағы Кіші ханым, т.б. актант-субъект ретінде

Актанттық құрылымға кіретін төменгі миметикалық модус қаһарманының өзге адамдардан айырмашылығы мүлдем жоқ десе де болады. Олар да қарапайым адамдар секілді өмір сүреді. Мұндай қаһармандар комедиялық шығармалар мен реалистік туындыларда кездеседі. Мысалы: «Айман-Шолпан» комедиясындағы Көтібар, т.б. Бұл санаттағы кейіпкерлер актант-көмекші, актант-оппонент моделі сипаттарын иеленуі мүмкін.

Н. Фрай типологиясындағы ирониялық модус кейіпкерлері басқа адамдардан төмен деңгейде, барлық сапалық қасиеттері жағынан оларға жол береді. Ондай кейіпкерлердің әрекеттері тәуелді, мағынасыз, қисынсыз, жеңіліске толы болады. Бұл категорияға ұнамсыз сипаты бар кейіпкерлерді кіргізуге болады. Олар негізінен қарсылас, қаскөй әрекеттерімен көрінеді. Сондықтан бұл деңгейдегі кейіпкерлер негізінен актант-қарсылас (оппонент) түрінде болады. Мысалға Ғ.Мүсреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасындағы Қарабай мен Жантық бейнелерін айтуға болады.

**Қорытынды.** Мәтіннің актанттық құрылымында кейіпкерлер категориясы оқиғадағы рөліне, іс-әрекетке қатысуына қарай белгілі сипат иеленіп, актанттық модельдер қатарын түзеді.

Мәтіннің актанттық құрылымына қатысты жоғарыдағы теориялық байыптаулар көркем туынды табиғатын структуралық талдау аспектісінде зерттеудегі бастапқы

қадам деуге болады. Зерттеушілер ұсынған актант категорияларының қатары және модельдері қаһарман, кейіпкер, протагонист, антагонист кейіпкерлердің болмысын терең таныту бағытында жаңа ізденістерге мол мүмкіндік ашып берері сөзсіз.

**Зерттеудің құндылығы.** Көркем туынды мәтінінің актанттық құрылымын зерделеу қазіргі әдебиеттанудың маңызды аспектілерінің бірі. Мәтіндегі субъект түрлерін актанттық модельдер тұрғысынан қарастыру жаңа зерттеулерге тың бағытты көрсетуімен құнды.

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856218 –XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым кеңістігі: ғылымдар ықпалдастығы және әдебиеттану» ғылыми жобасы аясында жазылды.

<sup>1</sup>Аймухамбет Ж.А., <sup>2</sup>Айтуганова С.Ш., <sup>3</sup>Байтанасова К.М., <sup>4</sup>Касен А.Т., <sup>5</sup>Сейпутанова А.К.

<sup>1,2,3,4</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан,

<sup>5</sup>Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Казахстан

E-mail: <sup>1</sup>a\_zhanat@mail.ru, <sup>2</sup>s-aituganova@mail.ru, <sup>3</sup>k.baitanasova@mail.ru, <sup>4</sup>aiauzhan96@mail.ru, <sup>5</sup>aiimgul@bk.ru  
ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-7061-3000, <sup>2</sup>0000-0002-7619-4310, <sup>3</sup>0000-0001-5168-720X,

<sup>4</sup>0000-0002-9573-5629, <sup>5</sup>0000-0003-4352-4448

#### Актантная структура художественного текста

**Аннотация.** В данной статье рассматривается структура текста в аспекте субъектов изображения. Согласно теоретическим заключениям субъекты художественного произведения определяют актантную структуру текста. Термин «актант» обозначает исполнителя акта в художественном произведении. Известно, что персонажи, выполняющие функцию субъектов изображения, создают динамику сюжета текста. Можно наблюдать, как понятие «персонаж», получившее широкое применение в литературоведении, заменяется в теоретических трудах различными терминологическими обозначениями. Среди них именно термин «актант», достигнув степени обобщающего наименования, характеризующего структуру текста, дополнил исследовательскую парадигму.

Если с синтаксической точки зрения слово «актант» характеризуется как предикат, то в литературоведении оно вбирает в себя понятия, обозначаемые терминами «герой», «персонаж», «образ», «субъект/объект», «адресант/адресат», «помощник//противник». Теоретически разъясняется, что основной смысл актантной функции заключается в том, что она является движущей силой развития сюжета, событий. Заключение о том, что фиксирование типологии субъектов в виде моделей актантов, позволяют раскрыть новые грани природы текста.

В сложившемся понимании обозначение понятия «персонаж» словом «актант» достигло уровня, определяющего субъектов единого текста в качестве актантной структуры.

Функция актантной структуры в тексте, способы ее представления рассматриваются во взаимосвязи с понятиями «герой», «персонаж», «персонасфера», теоретически обосновывается важная роль субъектов изображения.

Ключевые слова: текст, актант, субъект, объект, адресант, адресат, протагонист, антагонист.

<sup>1</sup>Aimukhambet Zh. A., <sup>2</sup>Aituganova S. Sh., <sup>3</sup>Baitanassova K. M., <sup>4</sup>Kassen A. T., <sup>5</sup>Seiputanova A. K.

<sup>1,2,3,4</sup> Eurasian National University named after L.N. Gumilyov  
Nur-Sultan, Kazakhstan,

<sup>5</sup>S. Amanzholov East Kazakhstan University  
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup>a\_zhanat@mail.ru, <sup>2</sup>s-aituganova@mail.ru, <sup>3</sup>k.baitanassova@mail.ru, <sup>4</sup>aiauzhan96@mail.ru, <sup>5</sup>aiimgul@bk.ru  
ORCID: <sup>1</sup>0000-0002-7061-3000, <sup>2</sup>0000-0002-7619-4310, <sup>3</sup>0000-0001-5168-720X,  
<sup>4</sup>0000-0002-9573-5629, <sup>5</sup>0000-0003-4352-4448

### Actant structure of a literary text

**Annotation.** In this article the text structure is considered from the point of image plots. According to theoretical conclusions, the objects of an artistic work determine the actant structure of the text. The term actant begins with the meaning of an action performer in an artistic work. It is known that the characters in the role of the subject of the image realize the dynamics of the plot in the text. We can see that the concept of a character that widely used in literary studies is defined by various terms in theoretical works. Among them, the concept of actant has reached the level of a universal name that describes the structure of the text, complementing the research paradigm.

While the concept of an actant is syntactically characterized by the concept of a predicate, in literary studies it collects term concepts explained by the names as a hero, a character, an image, a subject//object, an addresser//addressee, an assistant/adversary. The main essence of actant activity is the development of the plot, which is theoretically explained as the driving force of stories. Undoubtedly, marking the typology of subjects in the form of actant models allows us to identify the nature of the text in a new way.

Marking the concept of a character with the word "actant" has reached the level of representing the subjects in the text as an actant structure.

The function of the actant structure in the text and the forms are considered in connection with the concepts as a hero, character, personosphere and the important role of the subjects of the image is theoretically formulated.

**Key words:** text, actant, subject, object, addresser, addressee, protagonist, antagonist.

#### Информация об авторах:

**Аймухамбет Жанат Аскербекқызы**, доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан. E-mail: a\_zhanat@mail.ru, ORCID:0000-0002-7061-3000

**Айтуганова Саулеш Шамшаевна**, кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан. E-mail: s-aituganova@mail.ru, ORCID:0000-0002-7619-4310

**Байтанасова Карлыгаш Медетқызы**, кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан. E-mail: k.baitanassova@mail.ru, ORCID:0000-0001-5168-720X

**Касен Аяужан Толегеновна**, докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан. E-mail: aiauzhan96@mail.ru, ORCID:0000-0002-9573-5629

**Сейпутанова Айымгуль Камзановна**, кандидат филологических наук, доцент Восточно-Казахстанского университета им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID:0000-0003-4352-4448

#### Әдебиеттер

Актант //Лингвистиканың энциклопедиялық анықтамасы. – Мәскеу: Үлкен Ресей Энциклопедиясы баспасы, 2002. – 709 б. (орыс.)

Антономасия. Ашық энциклопедия: <http://ru.wikipedia> (орыс.)

Бахтин М. Сөз өнер шығармашылығының эстетикасы. – Мәскеу: Өнер, 1979. – 424 б. (орыс.)

Богуславский, И. Лексикалық бірліктер әрекетінің сферасы. – Мәскеу: «Орыс мәдениеті тілдері» мектебі, 1996. – 464 б. (орыс.)

- Греймас А. Құрылымдық семантика: әдіс іздерістері. – Мәскеу: Академиялық жоба, 2004. – 368 б. (орыс.)
- Пропп В. Ертегі құрылымы. 2-басылым. Мәскеу: «Ғылым» Шығыс әдебиеттері баспасының Бас редакциясы, 1969. – 168 б. (орыс.)
- Протагонист/<https://www.textologia.ru/slovari/literaturovedcheskietermi-ny/protagonist/> (орыс.)
- Теньер Л. Құрылымдық синтаксис негіздері. – Мәскеу: Прогресс, 1988. – 656 б. (орыс.)
- Трубина Е. Нарратология: негіздері, проблемалары, перспективасы. – Екатеринбург: Орал университетінің баспасы, 2022. – 104 б. (орыс.)
- Ухтомский А. Доминанта. – Санкт-Петербург: Питер, 2002. – 448 б. (орыс.)
- Хазагеров Г. Орыс мәдениетінің персонификациясы: персонификацияның екі ерекшелігі // Жаңа әлем. 2002. №1. 133-145 б. (орыс.)
- Фрай Н. Сын анатомиясы: бірінші очерк // XIX-XX ғасырлардағы шетел эстетикасы және әдебиет теориясы: Трактаттар, мақалалар, эссе. – Мәскеу: ММУ баспасы, 1987. – 510 б. (орыс.)

### Литература

- Актант // Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: Издательство Большая Российская энциклопедия, 2002. – 709 с. (рус.)
- Антонимасия. Открытая энциклопедия: <http://ru.wikipedia> (рус.)
- Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство, 1979. – 424 с. (рус.)
- Богуславский, И. Сфера действия лексических единиц. – Москва: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 464 с. (рус.)
- Греймас А. Структурная семантика: Поиск метода. – Москва: Академический проект, 2004. – 368 с. (рус.)
- Пропп В. Морфология сказки. Издание 2-е. Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1969. – 168 с. (рус.)
- Протагонист/<https://www.textologia.ru/slovari/literaturovedcheskietermi-ny/protagonist/> (рус.)
- Теньер Л. Основы структурного синтаксиса. – Москва: Прогресс, 1988. – 656 с. (рус.)
- Трубина Е. Нарратология: основы, проблемы, перспективы. – Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2022. – 104 стр. (рус.)
- Ухтомский А. Доминанта. – Санкт-Петербург: Питер, 2002. – 448 с. (рус.)
- Фрай Н. Анатомия критики: очерк первый // Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв.: Трактаты, статьи, эссе. – Москва: Издательство МГУ, 1987. – 510 с. (рус.)
- Хазагеров Г. Персонафера русской культуры: два свойства персонафера // Новый мир. 2002. №1. С.133-145. (рус.)

### References

- Aktant (2002) // *Lingvisticcheskij enciklopedicheskij slovar'*. – Moskva: Izdatelstvo Böłšaia Rosiskaia ensiklopedia. – 790 s. (in Russ.).
- Antonomasija. Ashyq enciklopediya: <http://ru.wikipedia> (in Russ.)
- Bahtin M. (1979) *Estetika slovesnogo tvorcestva*. – Moskva: iskusstvo. – 424 s. (in Russ.)
- Boguslavskij, I. (1996) *Sfera dejstviya leksicheskikh edinic*. – Moskva: SHkola «Yazyki russkoj kul'tury». – 464 s. (in Russ.)
- Fraj N. (1987) *Anatomiya kritiki: ocherk pervyj // Zarubezhnaya estetika i teoriya literatury HHH-HKHvv.*: Traktaty, stat'i, esse. Moskva: Izdatel'stvo MGU.– 510 s. (in Russ.)
- Greimas A. (2004) *Strukturnaya semantika: Poisk metoda*. Moskva: Akademicheskij proekt. – 368 s. (in Russ.)
- Hazagerov G. (2002) *Personosfera russkoj kul'tury: dava svojstva personosfera //Novyj mir.* №1. S.133-145. (in Russ.)
- Propp V. (1969) *Morfologiya skazki. Izdanie 2-e.* Moskva: Glavnaya redakciya vostochnoj literatury izdatel'sva «Nauka». – 168 s. (in Russ.)
- Protagonist/<https://www.textologia.ru/slovari/literaturovedcheskieterminy/protagonist/> (in Russ.)
- Ten'er L. (1988) *Osnovy strukturnogo sintaksisa*. – Moskva: Progress. – 656 s. (in Russ.)
- Trubina E. (2022) *Narratologiya: osnovy, problemy, perspektivy.* –Ekaterinburg: Izdatel'stvo Ural'skogo universiteta. – 104 str. (in Russ.)
- Uhtomskiy A. (2002) *Dominanta*. – Sankt-Peterburg: Piter. – 448 s. (in Russ.)